

«Болашақ» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Наурыз келді, құт алып»

Өткізген: Ж.Джубанова

2025-2026 оқу жылы

*Жаралды
25.12.2023
айы*

Мақсаты: Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру. Балаларды елін, Отанын сүйуге, ұлттық салт – дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу. Иmandылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

Зал іші мерекеге сай безендірілген.

Әуен қосылады, ортаға: ата, әже, келін кішкентай баласымен кіреді.

Келген қонақтармен көріседі.

Ата: Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын,

Қайда жүрсең жол болсын!

Әуелі Құдай оңдасын, оң жағынан қолдасын,

Кетпес ырыс берсін, кең пейіл берсін!

Баршаңызға келіп жеткен Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы құтты болсын!

Әже 1: Наурыз келсе, құт келгені, халайық! Наурыз – көктемнің келуін, табиғаттың жаңаруын білдіретін ерекше мейрам. Бұл күні күн мен түн теңесіп, жер беті жаңарады, жаңа жыл басталады.

Жүргізуші: Салеметсіздер ме, баршаңызға келіп жеткен Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы құтты болсын! Балаларда сіздермен бірге тойлауға келе жатыр.

Ән: «Көктем келді құлпырып»

Құстар келді көктемде,

Ән салады көгінде. ДАРИЯ

Көктем келді нұр алып,

Балалар жүр қуанып. ӘМІР

Көктем келді алақай,

Жастарды жер, алақай. ЖЕҢІС БАҚДАУЛЕТ

Гүлдер шықты далада,

Қуанады бала да. АЯЛА

«Оркестр» би

(Көктем Аруы кіреді)

Көктем Аруы: Мен Көктем Аруы боламын

Қыздарым да қасымда

Ұлыс күнге жеттік міне, асыға

Келген жылым жақсылыққа басташы
Қуанышпен әр үйдің
Босағасын атташы

«Келсап» би

Наурыз келді далама,
Шаттық толды балаға. АЯЖАН
Наурыз келді алақай,
Кел билейік балақай. АҚСАНАТ
Бізде қарап тұрмайық,
Тойға шашу шашайық. ХАНКЕЛДІ
Наурыз тойы- елдің тойы,
Көктем тойы- төлдің той. АЙНАЗ
Ән айтайын күні бойы
Жақсы көркем Наурыз тойын! АСЫЛАЙ
Жаңа жылым – Наурызым,
Жарқырайды жұлдызым. МЕДИНА

Бай: Мені Алдар көріп қоймасын. Менің үстімдегі әдемі шапанымды сұрап жүр.

(Алдардың әні қосылады)

Алдар көсе: Әй, бәсеке сен қашып осында келген екенсің ғой! Маған әдемі шапаныңды беретін болдың ба? Мен де әдемі шапан киіп Наурыз мерекесін тойлағым келеді.

Бай: Жоқ қайдан беремін. Бере алмаймын, Болса да бермеймін. Жалғыз шапан өзім де.

Алдар көсе: Ой сараң десе сараң екенсің ! Сараңдығың ұстап бір шапаныңды бере алмайсың.

Шал: Бұл не деген дау? Наурыз мейрамында ұрыс керіс болмауы керек. Наурыз ырыс-берекесі толы ай.

Кемпір: Бұл дау шапаннан Басталған тәрізді. Алдаржанға әдемі шапан тарту етейік.

Кейіпкерлер: Иә, иә... (шапанды кемпір ұсынады)

- **Тарихи, батыр адамдардың атымен** (мысалы: Абылай, Бауыржан).

- **Жақсы қасиеттерге байланысты** (Бақыт, Аружан, Нұрсұлтан).
- **Табиғатқа байланысты** (Айжан, Күнсұлу, Жұлдыз).
- **Ұл-қыздың аман болсын деген ниетпен** (Тұрсын, Тоқтар, Ұлжан).

Ат қоюдың тәрбиелік маңызы

- Баланың өмірге келгенін тойлау
- Жақсы тілек, ақ батамен өмірге жол ашу
- Ұлттық дәстүрді сақтау

Қазақ халқы үшін ат қою – тек ат беру ғана емес, **баланың болашағына жақсы ниет білдіру, үлкендердің батасын алу** дегенді білдіреді.

«Балдәурен» би

Наурыз – жаңа жылымыз,

Құтты болсын күніміз. **ДАРЫН**

Күн мен айы жарасқан,

Наурыз тойы тамаша. **ӘМІРЕ**

Наурыз тойы керемет,

Бәрімізге берекет. **ХАМЗА**

Наурыз тойы басталды,

Ән мен биі шашылды. **ДАНЭЛИЯ**

Наурыз тойым, Наурыз тойым.

Құтты болсың халайық! **АЙСУН**

Наурыз келді той болып,

Балалар жүр ойнап-күліп. **АРСЕН**

Ән: «Ана»

Жүргізуші: осымен бүгінгі «Ұлыстың -Ұлы күні Наурыз» атты ертеңгілігіміз аяқталды Қош сау болыңдар.

